

**«Altyn Bank» АҚ-да (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ)
операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы
ЕРЕЖЕЛЕР**

Мазмұны

Құрылымдық элемент	Тақырып (бар болса)	Бет №
	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	1
1-тарау	Занды тұлғалардан қабылданатын Депозиттердің шекті сомалары мен мерзімдері	2
2-тарау	Занды тұлғаларға берілетін Несиелердің шекті сомалары мен мерзімдері	2
3-тарау	Занды тұлғалардың Депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мәндері (төменгі және жоғарғы шектері)	3
4-тарау	Занды тұлғаларға берілетін Несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мәндері (төменгі және жоғарғы шектері)	3
5-тарау	Жеке тұлғалардан қабылданатын Депозиттердің және жеке тұлғаларға берілетін Несиелердің шекті сомалары мен мерзімдері	3
6-тарау	Жеке тұлғалардың Депозиттері мен Несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мәндері	3
7-тарау	Депозиттер бойынша сыйақы төлеу шарттары	3
8-тарау	Несиелер бойынша сыйақы төлеу шарттары	4
9-тарау	Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптар	5
10-тарау	Банктік операцияларды жүргізудің мөлшерлемелері мен тарифтерінің шекті мәндері (төменгі және жоғарғы шектері)	6
11-тарау	Банктік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдау мерзімдері	6
12-тарау	Банктік қызметтерді көрсету барысында туындайтын Клиенттердің Өтініштерін қарау тәртібі	7
13-тарау	Банктің және оның Клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың жауапкершілігі	9
14-тарау	Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі туралы ереже	11
1-қосымша	<i>«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ) заңды тұлғалар мен қаржы институттарына арналған тарифтердің шекті шамалары (төменгі және жоғарғы шектері)</i>	13
2-қосымша	<i>«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ) заңды тұлғалар мен қаржы институттары үшін банк қызметтерін ұсыну туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері</i>	18
3-қосымша	<i>Жеке тұлғалардың Несиелері мен Депозиттері бойынша шекті сомалар, мерзімдер және сыйақы мөлшерлемелері</i>	24
4-қосымша	<i>Жеке тұлғалардың банктік операцияларын жүргізудің мөлшерлемелері мен тарифтерінің шекті мәндері</i>	25
5-қосымша	<i>Жеке тұлғаларға банктік қызметтер көрсету бойынша шешім қабылдау мерзімдері</i>	30

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Ережелер Банктің жеке және занды тұлғалардың Депозиттері мен Несиелері бойынша операциялар жүргізуінің жалпы шарттарын белгілейді. Банктің банк өнімдері мен қызметтері, оның ішінде Депозиттер мен Несиелерге қатысы жоқ өнімдері мен қызметтері бойынша операцияларды жүргізуінің жекелеген жалпы, сондай-ақ нақты шарттары Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – **ҚР**) Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жасалатын **Қосылу шарттарымен** (кешенді шарт, банктік қызмет көрсету шарттары және басқа да шарттар) және тиісінше ресімделген басқа да құжаттамамен (соның ішінде, бірақ шектелмей: декларациялармен сауалнамалармен, келісімдермен және т.б.) айқындалады.

Осы Ережелер (Ережелерге Қосымшалар) Қосылу шарттары бойынша Банк Клиенттерге ұсынатын барлық банктік өнімдер мен қызметтердің, оның ішінде Депозиттерге және Несиелерге қатысы жоқ банктік өнімдер мен қызметтердің шекті Мөлшерлемелері мен Тарифтерін қамтиды.

2. Қосылу шарттары барлық Клиенттер (занды және жеке тұлғалар) үшін ең стандартты

шарттарды (формулярларды) қамтитын шарттар болып табылады, Клиенттер олармен танысады, келіседі және банктік өнімдер мен қызметтер бойынша Банк нысандарына сәйкес Банкке Қосылу туралы өтініштерді беру арқылы қосылады. Қосылу шарттары Клиент Банкке Қосылу туралы өтінішке қол қойған және ұсынған күні Тараптар арасында жасалған болып есептеледі; Қосылу шарты, Қосылу туралы өтініш және соларға қатысты барлық қосымшалар, сондай-ақ Қамсыздандыру шарттары және Қосылу шарты шеңберіндегі барлық басқа құжаттар бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және біртұтас құқықтық құжатты құрайды.

3. Әрбір банктік өнім/қызмет бойынша Қосылу туралы бөлек Өтініш/Өтінім ресімделеді, соған қол қою арқылы Клиент Қосылу шарты аясында Банспен мәмілелер жасайды.

4. Қосылу шартының талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі «Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 84 қаулысында қарастырылған.

5. Клиент Банк қызметтеріне ақы төлеуге, сондай-ақ Клиенттің нұсқауларын/тапсырмаларын орындауға байланысты Банк шеккен барлық шығындардың орнын Банктің тиісті қызметті көрсету күні қолданыстағы Тарифтерінде көзделген мөлшерде және шарттармен толтыруға кепілдік береді. Қызметтер ақысын төлеу Қосылу шартына және осы Ережелерге сәйкес банктік деректемелер бойынша қолма-қол ақшасыз аудару арқылы немесе Банктің кассасы арқылы қолма-қол ақшамен немесе Клиенттің банктік шоттарынан ақша алу арқылы жүзеге асырылады.

6. Ережелер ашық ақпарат болып табылады және банктік немесе коммерциялық құпия емес. Ережелер Банктің <https://altynbank.kz/> сайтында жарияланады және Клиент талап еткен бойда беріледі.

1-тарау. Заңды тұлғалардан қабылданатын Депозиттердің шекті сомалары мен мерзімдері.

7. Депозиттің ең төмен сомасы:

- ✓ ұлттық валютада – 100 000 (бір жүз мың) теңге;
- ✓ АҚШ долларымен – 1000 (бір мың) АҚШ доллары;
- ✓ еуромен – 1000 (бір мың) еуро;
- ✓ фунт стерлингпен – 1000 (бір мың) фунт стерлинг;
- ✓ Ресей рублімен – 1000 (бір мың) Ресей рублі;
- ✓ Қытай юанімен – 1 000 (бір мың) Қытай юані;
- ✓ басқа шетел валюталарында – осындай валютаның 1000 (бір мың) бірлігі.
- ✓ Несие бойынша қамсыздандыру болып табылатын ұлттық және кез келген шетел валютасындағы Депозиттің ең төмен сомасы шектелмейді.

8. Депозиттің ең жоғары сомасы: Банктің меншікті капиталының 5 (бес) еселенген мөлшерінен аспайды. Банктің меншікті капиталының 10 (он) пайызынан асатын, сондай-ақ қосымша салым салу нәтижесінде сомасы көрсетілген мөлшерді құрайтын (одан асатын) Депозит ашу туралы шешімді Банктің Уәкілетті органы қабылдайды.

9. Депозиттің ең қысқа мерзімі: овернайт.

10. Депозиттің ең ұзақ мерзімі: 20 (жиырма) жылдан аспайды.

2-тарау. Заңды тұлғаларға берілетін Несиелердің (қарыздардың, кепілдіктердің, аккредитивтердің) шекті сомалары мен мерзімдері.

11. Несиеңің ең төмен сомасы:

- ✓ ұлттық валютада – 1 000 (бір мың) теңге;
- ✓ АҚШ долларымен – 100 (бір жүз) АҚШ доллары;
- ✓ еуромен – 100 (бір жүз) еуро;
- ✓ фунт стерлингпен – 100 (бір жүз) фунт стерлинг;
- ✓ Ресей рублімен – 1 000 (бір мың) Ресей рублі;
- ✓ Қытай юанімен – 1 000 (бір мың) Қытай юані.

12. Несиеңің ең жоғары сомасы: ҚР Уәкілетті органы белгілеген, бір Қарыз алушыға шаққандағы ең жоғары тәуекел көлемінің шекті мәнінен аспайды.

13. Несиенің ең қысқа мерзімі: овернайт;
14. Несиенің ең ұзақ мерзімі: 20 (жиырма) жылдан аспайды.

3-тарау. Занды тұлғалардың Депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің* шекті мәндері (төменгі және жоғарғы шектері).

15. Төменгі шек: 0%.
16. Жоғарғы шек:
✓ ұлттық валютада – ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі + 5%;
✓ АҚШ долларымен – Федералдық резервтік жүйенің базалық мөлшерлемесі + 5%;
✓ еуромен – Еуропалық орталық банктің негізгі мөлшерлемесі + 5%;
✓ Ресей рублімен – Ресей Орталық банкінің негізгі мөлшерлемесі +10%;
✓ фунт стерлингте – Ұлыбритания Орталық банкінің негізгі мөлшерлемесі +5%;
✓ Қытай юанімен – Қытай Орталық банкінің мөлшерлемесі + 5%;
✓ басқа шетел валютасында – сол елдің орталық банкінің мөлшерлемесі + 5%.

4-тарау. Занды тұлғаларға берілетін Несиелер (қарыздар, овердрафттар, кепілдіктер, аккредитивтер, вексельдер және басқа да Несие өнімдері) бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мәндері (төменгі және жоғарғы шектері).

17. Төменгі шек: жылдық 0,10%.
18. Жоғарғы шек: жылдық 46%**.

*СЖТМ (сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгеннен аспайды.

**Кепілмен қамтамасыз етілген несиелер бойынша СЖТМ-ң жоғарғы шегі – жылдық 35%, ал кепілсіз несиелер бойынша – жылдық 46% құрайды.

Бұл сыйақы мөлшерлемелерінің жоғарғы шегі, Банк көрсетілген шектер аясында нақты шарттар мен факторларға (Клиенттің несиелік қабілеті, ағымдағы нарықтық жағдай және т.б.) байланысты Клиентке ұсына алатын сыйақы мөлшерлемелерін дербес белгілейді.

5-тарау. Жеке тұлғалардан қабылданатын Депозиттердің және жеке тұлғаларға берілетін Несиелердің шекті сомалары мен мерзімдері.

19. Жеке тұлғалардың Депозиттері мен Несиелерінің шекті сомалары мен мерзімдері Ережелерге 3-қосымшада белгіленген.

20. Қабылданатын Депозиттің шекті сомасын Банк Депозиттің мерзімі мен валютасына, мәміленің басқа да маңызды шарттарына, сондай-ақ ҚР Заңнамасының талаптарына сәйкес белгілейді.

21. Берілетін Несиенің шекті сомасын Банк Несие бюроларынан алынған Несие есебі негізінде, қарыз жүктемесінің коэффициентін, Клиенттің кірісін Банк Клиенттер туралы ашық дереккөздерден, сондай-ақ Клиенттердің жазбаша келісімі негізінде пайдаланылатын дереккөздерден алған басқа да деректерге сәйкес есептеу негізінде белгілейді.

6-тарау. Жеке тұлғалардың Депозиттері мен Несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мәндері.

22. Жеке тұлғалардың Депозиттері мен Несиелері бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесінің шекті мәндері (төменгі және жоғарғы шектері) Ережелерге 3-қосымшада белгіленген.

7-тарау. Депозиттер бойынша сыйақы төлеу шарттары.

23. Депозиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі ҚР Заңнамасының талаптарына сәйкес есептеледі.

24. Депозит бойынша сыйақы Депозит сомасы және кейінгі қосымша салымдар (бар болса) жинақ шотына түскен күннен бастап Депозиттің мерзімі мен сомасына қарай Қосылу шартында көрсетілген мөлшерлеме бойынша есептеледі.

25. Сыйақы күн сайын Депозит валютасында есептеледі. Депозиттің әр түрі бойынша сыйақыны капиталдандырудың болуы және кезеңділігі, сондай-ақ сыйақы төлеу тәртібі Қосылу шартында көрсетіледі.

26. Сыйақы төлеу кезінде Банк, егер ҚР Заңнамасында көзделсе ғана, сыйақы сомасынан салық ұстайды.

27. Депозитті жоспарлы жабу кезінде Банк Депозитті сақтаудың соңғы күні үшін сыйақы сомасын есептемейді.

28. Депозитті, егер Қосылу шартында және ҚР Заңнамасында өзгеше көзделмесе, тиісті Өтініш негізінде Шартты бұзу арқылы Депозит бойынша Қосылу шартының әрекет ету мерзімі ішінде кез келген уақытта мерзімінен бұрын қайтарып алуға болады. Егер Клиент Депозит бойынша Қосылу шартын мерзімі аяқталғанға дейін бұзса, Банк банктік өнімнің түріне және Депозит бойынша Қосылу шартының талаптарына қарай сыйақы төлейді (немесе төлемейді).

29. Егер Депозиттер бойынша сыйақы төленуі тиіс күн жұмыс істемейтін күнге (демалыс немесе мереке күніне) сай келсе, онда сыйақы келесі жұмыс күні төленеді.

30. Шетел валютасында ашылған Депозиттерді қайтару, егер ҚР Заңнамасында немесе Қосылу шартында өзгеше белгіленбесе, сол валютада жүзеге асырылады.

31. Банк үшінші тұлғалардың жинақ шотынан қаражат алу туралы талаптарын орындаған күннен бастап Банк сыйақыны есептеуді тоқтата тұруға құқылы. Бұл ретте Банктің Депозит бойынша есептеген және төлеген сыйақысы Қосылу шартының талаптарына сәйкес қайта есептелуі және Клиентке қайтарылуы мүмкін.

32. ҚР Заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда Банк үшінші тұлғалардың жинақ шотынан қаражат алу туралы талаптарын орындаған жағдайда Банк Депозиттің қалдығын (бар болса) мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы.

33. Банк төменде көрсетілген жағдайларда Депозиттің толық сомасын қайтару күтілетін күннен кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын Клиентті алдын ала хабардар ете отырып, біржақты тәртіпте толығымен қайтара алады:

- ✓ Банктің осы түрдегі жаңа Депозиттерді қабылдауды тоқтатуы;
- ✓ ҚР Заңнамасында көзделген жағдайлар.

34. Депозиттер бойынша сыйақыны толық көлемде төлеу үшін келесі шарттар белгіленеді:

➤ Депозиттегі ақша Қосылу шарты бойынша бүкіл мерзім бойы және толықтыруларды, егер Қосылу шартында көзделген болса, ескере отырып, сондай-ақ, егер банктік өнімнің талаптарында және Қосылу шартында көзделсе және Депозит шарттарын бұзу болып табылмаса, Депозиттен қаражат алуды ескере отырып, толық көлемде сақталуы тиіс;

➤ Клиенттің ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толық алуына банктік өнімде және Қосылу шартында тікелей қарастырылған жағдайда ғана рұқсат етіледі;

➤ Сыйақы күн сайын/ай сайын/жыл сайын/Депозит мерзімінің соңында төленеді немесе банктік өнімнің түріне және Депозит бойынша Қосылу шартының талаптарына қарай төленбейді/қайтарусыз ұсталады;

➤ Есептелген сыйақы, банктік өніммен және Қосылу шартында тікелей көзделген болса, капиталдандырылуы мүмкін (яғни Депозит сомасына қосылуы мүмкін).

8-тарау. Несиелер бойынша сыйақы төлеу шарттары.

35. Несие бойынша сыйақы Несие берілген күннен бастап есептеледі. Несие бойынша сыйақы мөлшерлемесінің түрі және мөлшері Қосылу шартымен белгіленеді.

36. Банк Клиентке қарыз шарттарын жасаспас бұрын өзі белгілеген несиені өтеудің барлық әдістерін және ҚР Заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – «ІНҚ») сәйкес есептелген сыйақыларды ұсынады.

37. Қосылу шарттары сонымен қатар келесілерді белгілейді: өтеу әдісі (қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз); Несиені өтеу әдісі; Несие бойынша берешекті өтеу тәртібі; негізгі қарызды уақытылы өтемеу және сыйақыны төлемеу үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі мен мөлшері. Жеке тұлғаға Несие беру кезінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) ең жоғары мөлшері, сондай-ақ оны есептеу тәртібі; Қосылу шартында көзделген болса, Несие беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты

алынуға жататын комиссиялар мен басқа да төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ олардың сомалары; Несиені өтеу тәртібі (касса арқылы, қашықтан жұмыс істейтін терминал арқылы банктік шотқа аудару және Тараптардың келісімі бойынша басқа да жолдармен), кезеңділігі және сыйақы төлеу тәртібі; сондай-ақ ҚР Заңнамасында көзделген өзге де барлық шарттар, ақпарат пен мәліметтер көрсетіледі.

Егер ҚР Заңнамасында өзгеше белгіленбесе, сондай-ақ мерзімі бір айдан аспайтын Несиелерді, Овердрафт несиелерді, Несиелік желілерді қоспағанда:

- ❖ жеке тұлғамен Қосылу шартын жасасқан жағдайда Банк Қарыз алушыға Несиені өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген Өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады;

- ❖ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес Несие алушы жеке тұлғамен Қосылу шартын жасасқан жағдайда Банк Қарыз алушыға белгіленген нысандағы Жадынама береді;

- ❖ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес Қарыз алушы жеке тұлғаның – Қарыз алушының Қосылу туралы өтінішіне шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Мұқаба парағы қоса беріледі;

- ❖ Қосылу шарттарына қоса тараптар қол қойған Өтеу кестесі беріледі; егер Қарыз алушы жеке тұлға болса, Несие берілген күні жасалған Өтеу кестесінде Қарыз алушы таңдалған әдісті белгілейтін Банк ұсынған Несиені өтеу әдістерінің тізбесі де болады;

- ❖ Несие шарттары Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатындай етіп өзгерсе, Банк жаңа Өтеу кестесін жасап, Қарыз алушыға береді. Несие шарттары Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасының (көлемінің) ұлғаюына, Несие мерзімінің ұлғаюына, сыйақы мөлшерлемесінің ұлғаюына, сондай-ақ Несие валютасының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп өзгерсе, Банк жаңа шарттарды ескере отырып, жаңа Мұқаба парағын ресімдеп, Қарыз алушыға береді;

Қосылу шарты немесе Қарыз алушының Өтініші негізінде Несиелік желі аясында Несиенің кезекті бөлігін беру кезінде Қарыз алушыға Қарызды өтеу кестесі және Мұқаба парағы беріледі.

38. Клиент Банкке Несие бойынша сыйақы есептеген және төлеген кезде Несие бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі есепке алынады.

9-тарау. Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптар

39. Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін (соның ішінде, бірақ шектелмей, Несие бойынша міндеттемелерін) орындау үшін Клиенттен және/немесе үшінші тұлғалардан қамсыздандырудың келесі әдістері мен түрлері қабылданады: жылжымалы және жылжымайтын мүлік кепілі (кепілге салу және/немесе ипотека); үшінші тұлғалардың (занды және/немесе жеке тұлғалар) кепілдіктері мен кепілгерліктері; мүлікті ұстап қалу; тұрақсыздық айыптар, кепілақы, кепілдік жарналар, қамсыздандыру төлемдері және ҚР Заңнамасында және Клиентпен/үшінші тұлғалармен Қосылу шартында көзделген басқа да әдістер/түрлер.

40. Қамсыздандыру ретінде ұсынылатын мүліктік кепілге келесі жалпы талаптар (соның ішінде Банктің Уәкілетті органының шешімімен, бірақ олармен шектелмей) қойылады:

- 1) мүліктің бағасының жеткілікті тұрақтылығымен және ағымдағы нарықтық конъюнктурасымен қамтамасыз етілген өтімділігі болуы керек;

- 2) Банктің Уәкілетті органы мүлікті қайта кепілге алу тәртібімен кепілге алу туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда мүлік ауыртпалықтардан, үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптарынан бос болуы тиіс;

- 3) нарықтық, қамсыздандыру немесе өзге де құнын анықтау және мүлікке кепіл құқығын тіркеу үшін кепілмен жұмыс істеу бөлімшесіне қажетті, Банк анықтайтын барлық құқық белгілейтін және техникалық құжаттар міндетті түрде болуы тиіс. Бұл жағдайда нарықтық құнын тек тәуелсіз бағалаушылар ғана анықтауға құқылы.

- 4) кепілге қойылған мүліктің бүтіндігін қамтамасыз етуді Кепіл беруші жүзеге асырады. Банк ҚР Заңнамасының және Қамсыздандыру шартының (кепіл шартының) талаптарына сәйкес, қажет болған жағдайда, кепілге қойылған мүлікті Банктің немесе Клиенттің/кепіл берушінің қаражаты есебінен қорғайды;

- 5) кепілді сақтандыруды Клиент/кепіл беруші жүзеге асырады және мүлікті кепілге

қабылдаудың (қабылданғанға дейін) және Банктің Несие беруінің міндетті шарты болып табылады. Осы шартқа кірмейтін ерекше жағдайлар (қолданбау) Банктің Уәкілетті органының шешімімен белгіленеді;

6) егер кепіл ретінде жылжымалы және (немесе) жылжымайтын мүлікті жалға алу (пайдалану) құқығы қабылданған болса, Несиені беру кезіндегі жалға алу (пайдалану) шартының аяқталу мерзімі, егер Банкпен басқа мерзім белгіленбесе, өтеу мерзімінен 30 (отыз) пайыз кешірек болуы тиіс;

7) мүліктің ортақ меншік иелерінің жазбаша, тиісінше (оның ішінде ҚР нотариусында) ресімделген келісімдерінің болуы тиіс;

8) ҚР Заңнамасында және Банкпен белгіленген өзге де талаптар.

Мүлік осы Тарауда көрсетілген талаптардың біреуіне немесе бірнешеуіне сай келмеген жағдайда оны кепілге қабылдау мүмкіндігі (орындылығы), сондай-ақ өзіндік (Несие жобасына байланысты) кепіл нысанына қойылатын талаптар туралы түпкілікті шешімді Банктің Уәкілетті органы қабылдайды.

41. Үшінші тұлғалардың кепілдіктері мен кепілгерліктерін Банк, егер басқаша шешім қабылдаса, қатаң түрде Банктің үлгілік нысандары бойынша қабылдайды. Кепілдіктер мен кепілгерліктер Банк гарант пен кепілгердің қаржылық тұрақтылығына, олардың мәртебесіне осы үшінші тұлғалар туралы Банк талап ететін барлық құжаттар мен мәліметтер болған жағдайда сараптама және талдау жүргізгеннен кейін ғана қабылданады.

42. Мүлікті ұстап қалуды Банк кез келген шарттар бойынша өзінің заңды меншігіндегі және/немесе қолданысындағы кез келген мүлік құрамынан (заттардан, мүліктік құқықтардан), соның ішінде: банктік шоттардағы ақшадан; сейфтердегі (ұяшықтардағы) мүліктен; Банк Клиентке төлеуге тиісті сыйақылар және/немесе тұрақсыздық айыптарынан; кепіл сомасынан; егер ҚР Заңнамасына қайшы келмесе, кепілдік жарналардан, қамсыздандыру төлемдерінен және т.б. жүзеге асырады. Клиент Банкке басқа шарттар бойынша берген мүлікті ұстап қалу Клиент Қосылу шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін орындаған күнге дейін жүзеге асырылады (жалғасады); ал орындамаған жағдайда Банк ұстап қалған мүлікті ҚР Заңнамасында және Қосылу шартында белгіленген тәртіпте өз меншігіне алады.

43. Клиент нақты Қосылу шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда Банкке тұрақсызды айыптарын Банк белгілеген мөлшерде және мерзімдерде төлейді.

44. Кез келген шарттар бойынша Клиенттің Банк алдындағы берешектерінің барлық сомаларын борышкерлер ерікті түрде төлейді, осы орайда Банктің Қосылу шартында бекітілген акцептісіз (даусыз, борышкер Клиенттің келісімінсіз) берешек сомаларын борышкер Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарынан тікелей дебеттеу арқылы да, сондай-ақ ҚР Заңнамасында көзделгендей, өзге де қаржы институттарында/ұйымдарында борышкердің шотына берілген төлем құжаттары негізінде алу құқығын жоққа шығармайды.

10-тарау. Банктік операцияларды жүргізудің Мөлшерлемелері мен Тарифтерінің шекті мәндері (төменгі және жоғарғы шектері).

45. Операцияларды жүргізу үшін Банк Клиенттерден Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес осы Ережелерге Қосымшаларда белгіленген «Банктік операцияларды жүргізудің Мөлшерлемелері мен Тарифтерінің шекті мәндері (төменгі және жоғарғы шектері)» шегінде (сегменттер бойынша: заңды/жеке тұлғалар) комиссиялар мен сыйақылар алады.

46. Клиенттерге көрсетілетін банктік қызметтердің стандартты Мөлшерлемелері мен Тарифтері туралы ақпарат Банктің филиалдарында (көруге және танысып шығуға қолжетімді жерлерде) және Банктің <https://altynbank.kz/> сайтында орналастырылады.

11-тарау. Банктік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдау мерзімдері

47. Банктің Өтініштерді қарау (өтініш беру қажет болған жағдайда) және Банктік қызметтердің әрбір түрі бойынша Банктік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдау мерзімдері осы Ережелерге қосымшаларда (сегмент бойынша: заңды/жеке тұлғалар) белгіленген. Өтініштер Клиент ҚР Заңнамасында және Банкпен қарастырылған құжаттардың толық жиынтығын ұсынған жағдайда және Өтініш тақырыбына қатысы болған (сонымен қатар тиісінше

және толық көлемде ресімделген) жағдайда ғана қаралады.

48. Банк Клиент ұсынған құжаттар мен мәліметтерді қосымша тексеруі қажет болған жағдайларда; үшінші тұлғалардың немесе басқа да лауазымды тұлғалар мен субъектілердің тарапынан ақпаратты растауын немесе мақұлдауын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Клиент ұсынылған құжаттарды зерделеу үшін қосымша уақыт жұмсауды, Банктің Уәкілетті органдарының ішкі келісуін және мақұлдауын, сондай-ақ қажетті құжаттарды алдын ала дайындауды талап ететін, стандартты емес Банктік қызметті көрсетуді сұратқан жағдайларда Банк осы Ережелерге Қосымшаларға сәйкес Өтінішті қарау және Банктік қызметті көрсету туралы шешім қабылдау үшін ұзағырақ мерзімдерді белгілеуге (сегменттер бойынша: заңды/жеке тұлғалар) құқылы, сол туралы Клиентке жазбаша түрде хабарлайды.

12-тарау. Банктік қызметтерді көрсету барысында туындайтын Клиенттің Өтініштерін қарау тәртібі

49. Банктік қызметтерді көрсету барысында туындайтын Клиенттердің Өтініштерін қарау тәртібіне қойылатын келесі жалпы талаптар, сондай-ақ Клиенттер мен Банктің құқықтары мен міндеттері белгіленеді.

Банк Клиенттердің Өтініштерін:

1) Клиент Банктің Филиалына/Бөлімшесіне немесе Банктің бас кеңсесіне жүтінген кезде ауызша немесе жазбаша түрде;

2) Клиент телефон арқылы байланысқан кезде ауызша түрде (Клиентпен телефон арқылы сөйлесуді жазу Клиенттің келісімімен сөйлесудің басында сол туралы хабардар ету арқылы жүзеге асырылады);

3) Клиент телефон арқылы байланысқанда және/немесе Банк қызметкерлерімен жүзбе-жүз кездескенде ауызша түрде;

4) Банк электрондық пошта немесе қашықтан Банктік қызметтер көрсету жүйесі арқылы хабарлама алған кезде; және/немесе Клиенттің қолтаңбасы қойылған және қойылмаған хабарламаға тіркелген файлды retail.service@altynbank.kz, customerservice@altynbank.kz, info@altyn-i.kz, status@altynbank.kz, collections@altynbank.kz, info@altynbank.kz пошталарына алған кезде жазбаша түрде;

5) Банктің <https://altynbank.kz/> Банктің WhatsApp арнасы арқылы жазбаша түрде;

6) Банк Клиенттің Altyn-i Сервиси арқылы жіберген хабарламасын алғанда жазбаша түрде;

7) Банктің ресми парақшаларының (Facebook, Instagram) Интернет ресурстары арқылы жазбаша түрде;

8) Уәкілетті органнан Клиенттің Уәкілетті органға берген Өтінішіне жауап беру талабымен сұраным жібергенде жазбаша түрде;

9) Банк кеңсесінде Проблемалық несиелер департаментінің қызметкерлері мен Клиент арасындағы кездесу шеңберінде ауызша немесе жазбаша түрде қабылдайды.

50. Банктің бас кеңсесіндегі және филиалдарындағы уәкілетті тұлғалар Банк Басқармасының Төрағасы бекіткен Қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде 1 (бір рет) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді (уәкілеттіктері болған жағдайда филиалдарда Қабылдау кестелерін филиал директорлары бекітеді). Қабылдау жұмыс орны бойынша белгіленген әрі жеке және заңды тұлғаларға хабарланған күндері және уақытта жүргізіледі. Егер Өтінішті қабылдау кезінде Банктің уәкілетті тұлғасы мәселені шеше алмаса, Клиент сол туралы жазбаша түрде мәлімдеп, мұндай мәлімдеме жазбаша өтініш ретінде қарастырылады.

51. Клиенттердің жазбаша Өтініштері Банктің ІНҚ-на сәйкес деректемелер көрсетілген жазбаша Өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.

52. Клиентке оның жазбаша Өтініші қағаз жеткізгіште алынғанын растайтын құжат беріледі немесе Өтініш көшірмесіне тиісті белгі қойылады. Өтініштерді қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

53. Банктің <https://altynbank.kz/> сайты арқылы келіп түскен өтініштер Банктің ІНҚ-да белгілеген тәртіпте тіркеледі.

54. Клиентті телефон арқылы жеткізілген Өтініштері тіркеледі. Клиентпен телефон арқылы сөйлесуді жазу оның келісімімен сөйлесудің басында сол туралы хабардар етілгеннен кейін жүзеге асырылады.

55. Банкке ауызша келіп түскен Өтініштер (телефон арқылы немесе Клиенттің Банк кеңсесіне келуі кезінде) дереу қаралады, мүмкіндік болса, Клиенттің ауызша Өтінішіне жауап дереу беріледі. Ауызша Өтінішті дереу шешу мүмкін болмаса, Клиент оны жазбаша түрде мәлімдейді, мұндай мәлімдеме жазбаша Өтініш ретінде қаралады. Клиент жауап алудың қажетті процедуралы және осындай Өтініштерді қарау мерзімі туралы хабардар етіледі.

56. Өтінішті қарау кезінде, егер ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болса, Банк Клиенттен қосымша құжаттар мен ақпарат сұратады.

57. Авторы кім екенін анықтау мүмкін емес, қолтаңбасы, соның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы, өтініш берушінің байланыс деректері мен пошталық мекенжайы, сондай-ақ оның жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін басқа да мәліметтері жоқ Өтініштер анонимді деп танылады және ақпарат ретінде қабылданып, кері байланыс жүзеге асырылмайды және Клиент Өтінішті қарау нәтижелері туралы хабардар етілмейді. Мұндай жағдайда орындау мерзімі көрсетілмейді. Анонимді өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы немесе Банк қызметкерлерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін ақпарат, сондай-ақ ақшаның ізін жасыру және терроризмді қаржыландыру туралы ақпарат болған жағдайда мұндай Өтініштер дереу Банктің тиісті құзыретті бөлімшесіне жіберілуі тиіс. Клиенттердің мұндай анонимді Өтініштері Банктің ІНҚ-на сәйкес тіркеледі.

58. Банк жеке және заңды тұлғалардың Өтініштерін объективті, жан-жақты және уақытылы қарауды қамтамасыз етеді, Клиенттерге Өтініштерін қарау нәтижелері және қолданылған шаралар туралы хабарлайды. Клиентке Өтінішті қарау нәтижелері туралы жазбаша жауап мемлекеттік тілде немесе Өтініш берілген тілде беріледі және ҚР Заңнамасының тиісті нормаларына, Банктің ІНҚ, сондай-ақ қарастырылып отырған мәселеге қатысы бар шарттарға, сондай-ақ қарастырылып отырған мәселенің мән-жайына сілтемемен, Клиенттің қабылданған шешімге шағымдану құқығын түсіндіре отырып, Клиент жеткізген әрбір өтініш, талап, өтінім, ұсыныс және басқа мәселе бойынша дәлелді және негізді уәждерді қамтиды. Клиенттің Өтініші бас банк пен еншілес банк арасында активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беруді жүзеге асырған бас және (немесе) еншілес Банкке (Банктерге) түскен жағдайда активтер мен міндеттемелерді беру нәтижесінде тиісті активке немесе міндеттемеге қатысты түскен Клиенттің Өтінішін алған Банк Клиентке жауап дайындайды және жібереді.

59. Клиенттің Өтініші негізді және заңды болған жағдайда Банк заң бұзушылықты жою және Клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды. Жазбаша Өтінішке берілген жауапқа Банктің Уәкілетті тұлғасы қол қояды. Қолтаңбаны факсимильді көшірмелеу құралдарын немесе Банктің ІНҚ-да көзделген басқа әдісті пайдалануға рұқсат етіледі. Жазбаша Өтінішке жауап Клиентке Қосылу шартында көзделген тәртіпте беріледі. Жауап Клиентке төмендегі жолдардың бірі арқылы жіберілген жағдайда жеткізілді деп есептеледі:

➤ Қосылу шартында немесе Клиенттің Өтінішінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсыру туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілгенде, соның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Клиенттің отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алғанда;

➤ Қосылу шартында немесе Клиенттің Өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілгенде;

➤ Клиентке жауаптың толық мәтіні көрсетілген <https://altynbank.kz/> сайтына сілтемесі бар мәтіндік SMS хабарлама немесе push-хабарлама жібергенде;

➤ Клиенттің жауапты алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін Қосылу шартында көзделген басқа байланыс құралдарын пайдаланғанда.

60. Клиент Банкке келген кезде, жауап осы тармақта көзделген тәсілдермен берілген жауапты қоспағанда, жазбаша Өтініштерді тіркеу журналында белгі қою арқылы өзіне (немесе оның уәкілетті өкіліне) қол қойдыру арқылы беріледі. Жауап адресатқа, алушыға немесе оны

қабылдаудан бас тартуға байланысты жеткізу болмағаны туралы белгі қойылып қайтарылса, жауап тиісті түрде жіберілді деп есептеледі.

61. Өтініштердің қаралуын талдау және қадағалау функциялары Банктің ІНҚ-на сәйкес айқындалатын Банк бөлімшесіне жүктеледі және келесілерді қамтиды:

- тиісті Өтінішті қабылдауға негіз болған себептерді анықтау және жою үшін Банк Клиенттерінің Өтініштерін талдау және жалпылау;
- Банк Клиенттерінің Өтініштерімен жұмыс жасауды ұйымдастыруды жақсарту бойынша Банкке ұсыныстар әзірлеу;
- Банк басшылығына Банк Клиенттерінің Өтініштерін қарау нәтижелері бойынша осы қаржылық қызметтің барлық тұтынушыларына қатысты анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қажетті шаралар және Банк қызметінде мұндай бұзушылықтардың алдын алу бойынша алдын алу шаралары туралы ұсыныстар енгізу.

13-тарау. Банктің және оның Клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың жауапкершілігі.

62. Тараптардың құқықтары мен міндеттері; Банк үшін шектеулер; Тараптардың жауапкершілігі және өзге де шарттар ҚР Заңнамасымен, оның ішінде (шектелмей) «Банктік қарыз шартын жасасу қағидаларын, соның ішінде банктік қарыз шартының мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптарды, қарызды өтеу кестесінің және қарыз алушы – жеке тұлғаға арналған жадынаманың нысандарын бекіту туралы» ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 248 қаулысымен; Қосылу шарттарымен, осы Ережелермен белгіленеді.

63. Банк пен Клиент өзара жасасқан Қосылу шартының талаптарын сақтауға және солардың шарттарымен жүктелген міндеттемелерді орындауға міндетті. Қосылу шарттарында көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Банк пен Клиент ҚР Заңнамасына және тиісті Қосылу шартының талаптарына сәйкес жауапты болады.

64. Қосылу шарттарында тараптардың жауапкершілігін алып тастайтын немесе шектейтін шарттар қарастырылуы мүмкін, мысалы, еңсерілмейтін жағдайлар (форс-мажор), кінәнің жоқтығы, Шартқа қатысушы қарсы тараптың жөнсіз әрекеттері және т.б.

65. Клиент Банктегі шотындағы ақша сомасы және солар бойынша жүргізілген операциялар туралы барлық қажетті ақпаратты, сондай-ақ тиісті Қосылу шартында және ҚР Заңнамасында белгіленген тәртіпте өз міндеттемелерін орындауға байланысты ақпаратты алуға құқылы.

66. Банк өзін қылмыстық жолмен тапқан кірісті заңдастыру, терроризм, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және т.б. сияқты ақшаның ізін жасыру бойынша қылмыстық әрекеттерге тартуға тосқауыл болу үшін белсенді жұмыс істейді. Банктің жұмыс стандарттары Банктің беделін сақтауға және қорғауға, сондай-ақ Клиенттердің Банктің адалдығына артатын сеніміне қандай да бір жолмен нұқсан келмеуін қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған байланысты Банк ҚР Заңнамасының талаптарын негізге ала отырып, Банк Клиенттеріне және Банк Клиенттері жүргізетін операцияларға белгілі бір талаптар қояды, олар ара-тұра өзгеруі мүмкін. Клиент Банктің алғашқы талабы бойынша Банк белгілеген ақылға қонымды мерзімде Банкке қажетті «Өз Клиентіңді біл» процедураларының немесе Банкте бар және/немесе ҚР Заңнамасында белгіленген басқа да осыған ұқсас процедуралардың барлық талаптарын, егер бар болса, орындауға және сақтауға мүмкіндігі болуы үшін қажетті құжаттама мен ақпараттары ұсынуға немесе қамтамасыз етуге міндетті.

67. Банк Клиентті алдын ала хабардар етпей-ақ. Клиенттің келісімдер (шарттар) бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан нұқсан келген немесе бұзылған құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін ҚР Заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әрекеттерді жасауға құқылы. Мұндай жағдайда Клиент Банктің осыған байланысты барлық шығындарын, соның ішінде, шектеусіз, әкімшілік, сот және құқықтық шығындарын төлейді.

68. Клиенттердің валюталық операцияларын жүргізген кезде, соның ішінде Клиенттердің тапсырмасы бойынша Банк валюталық бақылау агенті ретінде ҚР валюталық Заңнамасының талаптарының сақталуын қадағалауға, сондай-ақ өзіне мәлім болған Клиенттердің валюталық

Заңнаманы бұзу деректері туралы ҚР Ұлттық Банкіне, өзге валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына ҚР Заңнамасында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес хабарлауға міндетті.

69. Валюталық операцияларды жүргізетін резиденттер мен бейрезидент валюталық бақылау органдары мен агенттеріне барлық сұратылатын құжаттар мен өздері жүргізетін валюталық операциялар туралы ақпаратты беруге, жүргізілетін валюталық операциялар бойынша төлемдер мен ақша аударымдарының мақсатын көрсетуге, сондай-ақ ҚР Заңнамасында белгіленген талаптарды орындау мақсатында төлемдер мен ақша аударымдарының мақсаттарын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

70. Банк Клиенттен (оның өкілінен) Клиентті (оның өкілін) сәйкестендіруге, заңды тұлғаның бенефициар иесін анықтауға, сондай-ақ салық резиденттігі, қызмет түрі және жүргізілетін операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге құқылы.

71. Клиенттер (олардың өкілдері) Банкке ҚР Заңнамасында көзделген міндеттемелерін орындау үшін қажетті ақпаратты және құжаттарды, оның ішінде бенефициар меншік иелері туралы ақпаратты беруге міндетті.

72. Банк кез келген тұлғамен іскерлік қарым-қатынас орнатудан бас тартуға (немесе оларды тоқтатуға/тоқтата тұруға), Клиенттің ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын операцияларын жүргізуден бас тартуға құқылы, егер мұндай бас тарту келесі мән-жайлардың біреуіне (немесе бірнешеуіне) байланысты болса:

➤ OFAC (Office of Foreign Assets Control) тізімінде, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тізімінде көрсетілген елдерге, жеке және заңды тұлғаларға қатысты халықаралық экономикалық санкциялардың, сондай-ақ Еуропалық Одақ және FATF (Financial Action Task Force) үкіметаралық ұйымы белгілеген санкциялардың, ҚР Ұлттық Банкінің веб-порталында орналастырылған іскерлік беделі төмен тұлғалардың тізімінің, Банктің ішкі STOP тізімінің әсері;

➤ ҚР Заңнамасының талаптары, соның ішінде Клиенттің немесе оның контрагентінің резиденттік елінің қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (ізін жасыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі талаптары;

➤ Клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (ізін жасыру) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдалануы мүмкін деген күдік болған жағдайда;

➤ ҚР Уәкілетті органының нұсқаулары;

➤ Банктің ІНҚ талаптары.

73. «Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (ізін жасыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту, сондай-ақ тоқтата тұру Банктің тиісті шарттардың (міндеттемелердің) талаптарын бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі үшін негіз болып табылмайды.

Бұл ретте Банк өзінің, операцияға қатысушы корреспондент банкінің ҚР Заңнамасын және қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (ізін жасыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық нормаларды орындауға байланысты Клиенттің төлем тапсырмаларын орындаудан бас тартуы немесе орындауды тоқтатуы және/немесе Банктің корреспондент банкінің Клиенттің ақшасын ұстап қалуы салдарынан Клиентке келтірілген залал үшін жауапты болмайды.

74. ҚР Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (ізін жасыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заңнамасына сәйкес ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды ҚМА-ға берген жағдайда Банк және оның лауазымды тұлғалары ҚР Заңнамасымен, сондай-ақ Қосылу шартымен көзделген жауапкершілікке тартылмайды.

75. Банк Клиентті (оның өкілін/бенефициар иесін) сәйкестендіру үшін келесі шараларды қолдануы мүмкін болмаған жағдайда Клиентпен іскерлік қарым-қатынас орнатудан бас тартады:

- ❖ жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу;
- ❖ заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу;
- ❖ заңды тұлға құрмай-ақ шетелдік құрылымды сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді

тіркеу;

- ❖ бенефициар меншік иесін анықтау және оны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді

тіркеу;

- ❖ іскерлік қарым-қатынастың көзделген мақсаты мен сипатын белгілеу.

76. Банк Клиент (оның өкілі/бенефициар иесі) туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру және жаңарту бойынша шаралар қолдануы мүмкін болмаған жағдайда Клиентке ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуге рұқсат беруден бас тартады.

77. Банк ҚР Заңнамасында және Банктің ІНҚ-да белгіленген жағдайларда ақшамен және басқа мүлікпен жүргізілетін операцияларды тоқтату, Клиенттердің Банктегі шоттарын бұғаттау шараларын қолдануға міндетті.

78. Тараптар ҚР Заңнамасын бұзғаны үшін ҚР нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жауапты болады; Қосылу шарттарының талаптарын бұзғаны үшін Тараптар Қосылу шарттарында, сондай-ақ ҚР Заңнамасында белгіленген тәртіпте, мөлшерде және мерзімдерде жауапты болады.

14-тарау. Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі туралы ереже.

79. Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі, банктік қызметтің әр түрі бойынша Қосылу туралы өтініштерді қарау тәртібі, сондай-ақ банктік қызметтерді көрсету кезінде Клиентпен өзара әрекеттесу тәртібі осы Ережелерде, ҚР Заңнамасында, Қосылу шарттарында, Банктің тиісті ІНҚ-да, соның ішінде банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу бойынша Банктің <https://altynbank.kz/> сайтында жарияланған банктік шот шарты бойынша Банктік қызмет көрсету шарттарымен, сондай-ақ банктік қызмет көрсету бойынша басқа да шарттармен көзделген. Банктік қызмет көрсету туралы Өтінішті қарау мерзімі банктік қызметтің әрбір түрі бойынша (өтініш беру қажет болған жағдайда) осы Ережелерде көрсетілген банктік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдау мерзімдеріне сәйкес келеді.

80. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен мәміле Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен ғана жасалуы мүмкін. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға артықшылықты жағдайлар беруге тыйым салынады.

81. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың белгілері, Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың тізімін жасау және жүргізу тәртібі ҚР Заңнамасымен және Банктің ІНҚ-мен белгіленеді.

82. Сұрақтары мен ұсыныстары болса, сондай-ақ Банк жүргізетін операциялар және операцияларды жүргізу шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін Клиенттер – **занды тұлғалар** Банкке өздеріне ыңғайлы кез келген тәсілмен хабарласа алады:

- Банк WEB-сайтының мекенжайы: <https://altynbank.kz/>;

- Занды тұлғаларға арналған корпоративтік қызметті басқару басқармасының телефоны: +7 (727) 3565757. Егер байланыс телефондары өзгерсе, жаңартылған ақпаратты Банктің <https://altynbank.kz/> сайтынан алуға болады;

- Корпоративтік қызметті басқару басқармасының электронды мекенжайы: customerervice@altynbank.kz;

- Банктің Қазақстандағы филиалдарының мекенжайларын Корпоративтік қызметті басқару басқармасының телефоны арқылы немесе Банктің <https://altynbank.kz/> сайтынан білуге болады.

83. Сұрақтары мен ұсыныстары болса, сондай-ақ Банк жүргізетін операциялар және операцияларды жүргізу шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін Клиенттер – **жеке тұлғалар** Банкке өздеріне ыңғайлы кез келген жолмен хабарласа алады.

- ❖ Банк филиалына/бөлімшесіне жүгіну арқылы;

- ❖ Банктің Байланыс орталығына телефон арқылы ауызша жүгіну арқылы (Клиентпен телефон арқылы сөйлесуді жазу Клиенттің келісімімен сол туралы сөйлесудің басында хабарлаумен жүзеге асырылады);

- ❖ электрондық пошта арқылы, сондай-ақ пошта арқылы немесе қашықтан жұмыс істейтін электрондық банктік қызметтер көрсету жүйесі арқылы;

- ❖ Банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы;

- ❖ онлайн чат арқылы;
- ❖ бейне қоңырау арқылы;
- ❖ қағаз тасығышта;
- ❖ Банктің <https://altynbank.kz/> Интернет ресурсы арқылы;
- ❖ Altyn-i Сервисіндегі жеке кабинетте.

84. Банк Ережелердің 13-тарауында белгіленген жағдайларда Қосылу шартын жасасудан бас тартуға және/немесе біржақты тәртіпте бұзуға, сондай-ақ банктік қызмет (өнім) ұсынудан келесі шарттармен бас тартуға құқылы:

- ❖ Клиент және/немесе оның өкілі ҚР Заңнамасына және Банктің ІНҚ-на сәйкес Банк сұратқан құжаттарды ұсынбаған;
- ❖ Клиент және/немесе оның өкілі жарамсыз (жоғалған, мерзімі өтіп кеткен) немесе дұрыс емес құжаттар мен мәліметтерді ұсынған;
- ❖ іскерлік қатынастың көзделген мақсаты мен сипатын анықтау мүмкін емес;
- ❖ егер мәмілеге/операцияға немесе міндеттемеге қатысушы тарап/қатысушы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет (ОҒАС, ФАТФ, БҰҰ тізімдері) анықтаған, ақшаның ізін жасырудың/терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан тұлға болса, немесе егер осы мәмілені/операцияны орындау кезінде осындай тұлға қатысса;
- ❖ банктік құжатқа Клиент болып табылмайтын (яғни, Клиент уәкілеттік бермеген тұлға) қол қойса және/немесе қолтаңба үлгісі (және заңды тұлғалар үшін – мөр бедерлемесі) Банктегі қолтаңбалар мен бедерлемелер үлгілері бар құжат деректеріне сәйкес келмесе;
- ❖ Клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (ізін жасыру) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдалануы мүмкін деген күдік болса;
- ❖ ҚР Заңнамасында, Клиентпен жасалған шарттарда көзделген басқа жағдайларда.

Корпоративтік басқару департаменті

**«Altyn Bank» АҚ-да (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ)
операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережеге
№ 1 қосымша**

**«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ)
заңды тұлғалар мен қаржы институттарына арналған
тарифтердің шекті шамалары (төменгі және жоғарғы шектері)**

№	Қызметтердің түрлері	Тарифтер
1.	БАНК ШОТТАРЫ	
1.1	Банктік шоттарды ашу/жүргізу/жабу (оның ішінде эскроу режимінде және басқа да әртүрлі режимдерде)	0 теңге - 30 000 000 теңге
1.2	Клиент бастамашылық жасаған шығыс операциялары болмаған Банктік шотты 12 айдан астам жүргізу	0 теңге – 50 000 теңге
2	МЕТАЛДЫ ШОТТАР	
2.1	Металды шотты ашу/жүргізу/жабу	0 теңге - 1 000 000 теңге
2.2	Тазартылған қымбат металдарды есепке алу/сақтау/есептен шығару	0 теңге - 1 000 000 теңге
2.3	Металды шот шартына сәйкес өзге де операциялар	0 теңге - 1 000 000 теңге
3.	КАССАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР	
	Қолма-қол ақшаны қабылдау және беру операциялық уақыты: сағат 09:00 - 17:00. Қолма-қол ақшаны қабылдау мен берудің операциядан тыс уақыты: сағат 17:00 - 18:00.	
3.1	Жарна (үшінші тұлғалардан қоса алғанда)/Қолма-қол ақшаны алу (ұлттық және шетел валютасымен) (операциядан тыс уақытта Банктің Тарифтеріне сәйкес қосымша комиссия алынады). <i>*Қолма-қол ақшаны алу алдын ала өтінім бойынша ұлттық және шетел валютасындағы қолма-қол ақшаны бергенге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.</i>	Сомадан 0 – 10%
3.2	Өзге қол жетімді есеп айырысу-кассалық операциялар	Сомадан 0 – 10%
4.	АУДАРЫМДАР/ТӨЛЕМДЕР (Қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі/SWIFT арқылы немесе қағаз жүзінде)	
	Банк тарифтеріне сәйкес аударымдарды/төлемдерді орындаудың операциялық уақыты. Банктің Тарифтеріне сәйкес аударымдарды/төлемдерді орындаудың операциядан тыс уақыты (Астана уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей)	
4.1	Кіріс аударымын/төлемін ұлттық немесе шетел валюталарында есепке алу	0 теңге - 500 000 теңге
4.2	Клиенттің (клиенттердің) шоттары арасындағы ұлттық немесе шетел валютасындағы банк ішіндегі аударым/төлем	0 теңге - 50 000 теңге
4.3	Ұлттық немесе шетел валюталарындағы шығыс аударымы/төлемі (оның ішінде қаржы институттары үшін) (операциядан тыс уақытта Банктің Тарифтеріне сәйкес қосымша комиссия алынады) ¹	ұлттық валютада: 0 - аударым/төлем сомасынан 1%, мин. 0 теңге-макс.50 000 теңге, немесе мин.0 теңге - макс.50 000 теңге шетел валютасымен:

		0 - аударым/төлем сомасынан 1%, мин. 0 теңге-макс.200 000 теңге, немесе мин.0 теңге макс.200 000 теңге
4.4	Ұлттық валютадағы шығыс аударымы/төлемі (әлеуметтік/зейнетақы аударымдары/жалақы және басқа төлемдер)	0 теңге - 50 000 теңге
4.5	Ұлттық валютадағы мерзімді аударым/төлем (комиссия 4.2-4.4-тармақтардың тарифтеріне қосымша алынады) (Банкте техникалық мүмкіндік болған жағдайда)	0 теңге - 50 000 теңге
4.6	Ақша жөнелтушінің есебінен шығыс аударымы/төлем - шетелдік валютадағы OUR опциясы (комиссия 4.2-4.3 т. тарифтеріне қосымша алынады) ¹	0 теңге – 200 000 теңге
4.7	Клиенттің жазбаша сұрау салуы бойынша төлем құжатын дайындау	0 теңге - 50 000 теңге
4.8	Ұлттық немесе шетел валюталарындағы шығыс аударымының/төлемінің мәртебесін тексеру/қайтаруға жәрдемдесу/бөлшектерін түзету	0 теңге - 150 000 теңге
4.9	Ұлттық немесе шетел валюталарындағы шығыс аударымын/төлемін жою («ҰПК» АҚ өндегенге дейін немесе SWIFT жүйесінде жөнелтілгенге дейін)	0 теңге - 50 000 теңге
4.10	Ақша жөнелтушінің ұлттық валютадағы банкішілік аударымдарға тұрақты өкімін тіркеу/өзгерту	0 теңге - 50 000 теңге
4.11	Шетел валютасындағы кіріс аударымын/төлемін жөнелтушіге қайтару (комиссия кіріс аударымы/төлемі сомасынан баламада алынады)	0 теңге - 50 000 теңге
5.	Айырбастау (Қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі арқылы/қағаз тасымалдағышта)	
	Банктің Тарифтеріне сәйкес айырбастауды жүргізудің операциялық уақыты. Банктің Тарифтеріне сәйкес айырбастауды жүргізудің операциядан тыс уақыты (Астана уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей)	
5.1	Айырбастау жүргізілген күнгі Банктің коммерциялық бағамы бойынша айырбастау (операциядан тыс уақытта Банктің Тарифтеріне сәйкес қосымша комиссия алынады)	0 теңге – 50 000 теңге
5.2	Банктің 50 000 АҚШ долларынан астам сомаға (немесе басқа валютадағы баламаға) шетел валютасын айырбастауға/конверсиялауға алдын ала келісілген мәміле бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін комиссия алуға құқығы бар.	Айырбастау сомасынан 0,3%, мин. 50 000 теңге – макс. 5 000 000 теңге
6.	ВАЛЮТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ	
6.1.	Келісімшартқа есептік нөмір беру/келісімшартқа есептік нөмір берілген шартқа өзгерістер/толықтырулар қабылдау	0 теңге – 150 000 теңге
